

FTAMP 06.81.23

Г.Б. Нұрадин¹([orcid - 0000-0003-4067-9831](https://orcid.org/0000-0003-4067-9831)) – негізгі автор,
Ж.Қ. Игисина²([orcid - 0000-0003-3950-4233](https://orcid.org/0000-0003-3950-4233))

¹Филос.ғыл.канд, доцент (қауым.проф), ²аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан
e-mail:gnuradin@mail.ru, zhazira_kayratovna@mail.ru

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ПРИНЦИПІ РЕТІНДЕГІ КӨПМӘДЕНИЕТТІ БІЛІМ БЕРУ

Аннотация. Мақалада «Қазақстан Республикасының көпмәдениетті білім беру кеңістігі: тарихы, теориясы, жобалау негіздері» атты 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша мемлекеттік қаржыландыру конкурсы арқылы гранттық қаржыландыруға ие болған зерттеу жобасы аясында жасалып жатқан зерттеу жұмыстарының бірқатар нәтижелері көрніс табады. Авторлар алдымен орта білім беру саласындағы АҚШ, Канада, Германия, Австрия, Ресей сынды мемлекеттерге сонан соң қазақстандағы көпмәдениетті білім беру жүйесіне шолу жасап, ары қарай V/S әдісі арқылы ұтымды салыстырмалы талдау жасаған. Қазіргі таңда қазақстан қоғамындағы, әсіресе орта білім беру жүйесіндегі көпмәдениетті органы қалыптастыру арқылы толеранттылық принципін нығайту аса маңызды. Себебі көпмәдениетті білім беру бағдарламаларын оқу процесіне енгізудегі күтілетін нәтиже көпмәдениетті ортадағы оқыту мен оқу процесін жүзеге асырушы мұғалім мен оқушының толеранттылық дағдысын қалыптастыру.

Тірек сөздер: көпмәдениетті білім беру, көпмәдениетті білім беру бағдарламалары, көпмәдениетті орта, толеранттылық принципі, толеранттылық дағдысы, V/S әдісі.

Кіріспе. Жаһандық саяси тенденциялар дамуы қарқындаған сайын әлем халықтарының экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан ауқымды өзгерістерге ұшырауы, сәйкесінше, әртекті ақпараттарға, тауарлар мен қызметтерге қол жеткізе алуы оңтайлана бастайды. Әлемнің кез-келген нүктесінен келесі бір нүктесіне әртүрлі дәрежедегі қарым-қатынастарды жасау үшін қашықтықты қысқарту технологиялары үнемі жетіліп келеді. Сол себепті жер планетасында адамдардың жиі қоныс аударуы орын алады. Бұл жағдай қазіргі таңдағы дилемалық көзқарастарға толы полимәдениеттілік пен мультимәдениеттіліктің тууына әкеліп соқты.

«Поликультурализм» мен «мультимультурализм» ұғымдары бір-біріне жақын, кей мағыналарда бір ұғым ретінде де қолданылады. Түсініктірек болуы үшін олардың генезисін талдау қажет. «Поли» гректің «көп» деген сөзінің мағынасын білдіреді, сонымен қатар, күрделі сөздерде жиын мен жиілікті білдіреді, мысалы, полигон, полиглот, полиметалл және т.б. [1]. «Мульти» латынның «көп» деген сөзінің мағынасын білдіреді, сонымен қатар, күрделі сөздердің бірінші бөлімін құрайды. Заттардың немесе әрекеттердің көптігін білдіреді, мысалы, мультивибратор, мультимиллиардер, мультипрограммалау т.б. [1]. «Культура» латынның «cultura» - өңдеу, тәрбиелеу, білім беру мағынасындағы әлеуметтік өмір өзгерістері мен өндірістік жағдайлардан көрініс беретін адамдар іс-әрекеттерінің, жүріс-тұрыстарының және қатынастарының тарихи даму бағдарламасы. Мәдениет қабырғасын құрайтын жүріс-тұрыс пен қатынас, іс-әрекеттер бағдарламасы түрлі формалардың көптүрлілігімен айқындалады: ілімдер, дағдылар, нормалар мен идеалдар, іс-әрекеттер мен жүріс-тұрыстар үлгілері, идеялар

мен гипотезалар, сенімдер, әлеуметтік мақсаттар мен құндылықтық бағдарлар және т.б. Әдепкідегі латтының жерді өңдеу сөзі дене бітімді жанды-рухани күшті дәріптеу, жағдайды жақсарту, адамның ыңғайы мен қабілеті және оның дамуы дәрежесіне айналды [2]. «Қазақ әлемі» атты этномәдени пайымымен бәрімізге танымал ғалым Ақселеу Сейдімбек өз кітабында мәдениеттің құрылымын жіктеп береді: «Мәдениет қоғаммен диалектикалық байланыста. Былайша айтқанда, мәдениеттің өзі адамға ғана тән қоғамдық қатынастарға түсудің тәсілі болып шығады. Бұл тұрғыдан келгенде, мәдениет – қоғам дамуының көрсеткіші, сонымен бірге қоғамдағы өзгерістерге тәуелді де [3].

Осы күнге дейін «мәдениет» терминін анықтауға арналған екі мыңнан астам анықтама ғылыми айналымда жүр. Алуан түрлі ой-пікірлерге ие мәдениет сөзінің алдына жалғанып тұрған «көп» сөзінің бірі латтынан, ал екіншісі грек сөзінен шыққандығы белгілі. Демек, екі ұғымға да нақты бір ғана анықтама беру қиын, тіпті мүмкін емес, себебі оны бірқатар ғылымдар өз зерттеу нысандарына, пәндік аймақтарына сәйкес әр түрлі түсінеді. Техас университетінің тарихи-мемлекеттік expertі Роберт Лонглидің пайымдауынша әлеуметтанудағы көпмәдениеттілік қоғамның мәдени әртүрлілікке қалай қарайтындығын сипаттайды. Әр түрлі мәдениеттердің өкілдері көбінесе бейбіт қатар өмір сүре алады деген бастапқы болжамға сүйене отырып, мультимәдениет қоғам мәдени әртүрлілікті сақтау, құрметтеу және тіпті ынталандыру арқылы байытылады деген пікірді білдіреді. Саяси философия саласында мультимәдениет дегеніміз-қоғамдар әртүрлі мәдениеттерге тең қарым-қатынас жасауға бағытталған ресми саясатты тұжырымдап, жүргізуді жөн көретін тәсілдер [4]. Бұл аса ауқымды ұғымдар қажеттілігін айқындау үшін оның білім берудегі жүйесіне назар салу қажет. Осы тұрғыдан келер болсақ, көпмәдениетті білім беру түсінігі шамамен ХХ ғ. 60-шы жылдары АҚШ пен Германияда дамушы елдерден келген мигранттар саны мен рөлінің артуына байланысты орын алды. Сәйкесінше, аз құрамдағы ұлттардың қарсылықтарына байланысты проблемалар пайда болды. Зерттеуші Т. Бергердің мәліметіне сүйенсек, 1971 жылы Канада үкіметі ресми түрде көпмәдениетті саясат ұранын жариялады. Уақыт өте келе Канада қоғамы қоныс аударушы эмигранттар мен көшіп келуші иммигранттарға өзінің көзқарасын өзгерте бастады. Алайда, бұлүрдіс елдің дамуы мен тұрақтылығында оң нәтижелер берді [5]. Ресейлік жас зерттеуші Ж.М.Макажанованың «Поликультурность в современном образовании, или чем отличается поликультурность от мультикультурализма» атты мақаласында көпмәдениет пен мультимәдениет айырмасын талдап берген. Оның айтуынша: «қазіргі заманғы білім берудің көпмәдениеті адамзаттың жалпы гуманистік және педагогикалық идеялары, теңдік, толеранттылық негізінде дамиды және жастарды әртүрлі этностардың құндылықтарын қадірлеу және оларға құрметпен қарау рухында тәрбиелеуге ықпал етеді. Ғылымдағы "мультикультурализм" ұғымы сәл кейінірек пайда болды. Көпмәдениеттілік - әлеуметтік құбылыс, ал мультимәдениеттілік - мәдениеттердің алуан түрлілігін қолдайды [6]. Мультимәдениет ұғымы ғылыми айналымға көпмәдениеттілік ұғымына қарағанда он жылдай кеш еңсе де, АҚШ, Канада, Австрия, Германия сынды елдерде саяси мәнге заңдық мәртебеге ие болды. Алайда, осы екі ұғымның тоғысатын бір ядросы бар ол – толеранттылық. Екеуінің де таралымдық, мәндік ұғымы дәл осы толеранттылыққа келіп тіреледі. Дініне, тіліне, ұлты мен мәдениетіне сәйкес адамдарды дискриминацияламай, керісінше, оларға бір тұтас көзқараспен қарау. Әр адам адамзаттың бір өкілі, оны аталған ерекшелігіне қарап белгілі

бір қызметтерден шектетеуге немесе оқшаулауға жол жоқ. Мақала өзегі көпмәдениетті білім берудегі басты ұстаным толеранттылық туралы және оның көпмәдениетті білім берудегі орны мен рөлі туралы болады.

Зерттеу әдістері. Мақалада көпмәдениетті білім берудің ерекшеліктері V/S талдамасы арқылы сарапталынады. V/S латынның Versus – «қарсы» сөзінен шыққан. V/S деген қысқарған қарсы тараптарды талдау ұғымы әр түрлі нұсқада спортта, саясатта және көптеген басқа салаларда бірқатар контексттерде қолданылады. Мақсаты - белгілі бір проблеманың оң жағы мен теріс жағын анықтауға немесе екі ұқсас проблемаларды салыстыру арқылы олардың көрінбейтін, бірақ бар айырмашылықтарын анықтауға бағытталған. Мұндай талдама осы мәселе қызықтыратын аудиторияны ыждаһаттылыққа баулиды, зейін қоюға дағдыландыру арқылы проблеманы өздігінен түсінуге көмектеседі. Мақалада аталмыш әдіс әлемдік және отандық көпмәдениетті білім беру жүйесінің айырмашылығы мен ұқсастықтарын ажырату мақсатында қолданылады. V/S талдамасын жасау үшін талданатын екі ұғымға бірнеше критерийлер құрастырылуы тиіс, соңында талдама тараптары есепке алына отырып анализ жасалынады.

Зерттеу нәтижелері. Көпмәдениетті білім беру арнайы ұғым, өз бетінше жүйе болып қалыптасып ғылыми айналымға енуі жүзжылдықтан бері болғанымен идеялық тұрғыдағы бастауы тым әріде. Ресейлік ғалым С.Л.Новолодская өзінің «История и современность поликультурного образования» атты монографиясында көпмәдениетті білім берудің идеялық бастауы халықтың педагогикалық көзқарастары мен тәжірибесін зерделеуден тұрады дей келе Ян Амос Коменскийдің чех халық ауыз әдебиетінің шығармаларын жинағанын, үйде тәрбиелеу тәжірибесін жинақтап «ана мектебі» идеясын алға тартуын, ең бастысы, "Панпедия", яғни адамдардың ортақтығы, олардың қажеттіліктері мен ұмтылыстары, балалардың өзара міндеттерін орындауы, қоршаған адамдармен тату-тәтті өмір сүруі, сыйлау қабілеттерін қалыптастыруы және жақын адамды сүйу туралы көпмәдениетті білім беру идеясы негізделген бағдарламасын [7] алға тартты. Ғалым пікірін тарқатар болсақ, қазақ халқының жері, тілі, тарихы, музыкасы, салт-дәстүрі т.б. болмыстық ерекшеліктерін зерттеген өзге ұлт өкілдері жетерлік. Қазақтар туралы алғашқы жазбалардың иесі гректен шыққан тарихшы, жиһанкез Геродоттан бастап қазақ жеріне депортацияланған орыс, неміс, поляк сынды өзге ұлттың ғалымдары қазақ ғылымына үлкен үлесін қосты, қазақ балаларын ғылымға баулыды.

Жалпы көпмәдениетті білім беру жүйесін алғаш рет ғылыми айналымға ендірген ел АҚШ болатын. Мемлекеттің өзі әртүрлі ұлттардың құрамдасуынан тұрғандықтан көпмәдениетті білім берудің дәл сол елден бастау алуы орынды еді.

АҚШ. Америкадағы көпмәдениетті білім берудің алғашқы белгілері 1960 жылдардағы азаматтық құқықтар қозғалыстарынан бастау алды. Оған дейін АҚШ-тағы мектептер білім берудің еуроцентристік моделі негізінде жұмыс істеді. Көпмәдениетті білім беру туралы арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу және сабақтарда әр түрлі мәдениеттердің мысалдарын қолдану білім берудің маңызды аспектісі болып саналмады. 1970 жылдардың басынан 1990 жылдарға дейінгі уақыт аралығында көпмәдениетті білім беру педагогикаға айналды, сәйкесінше жаңа оқу бағдарламасын құру қажеттілігі туындады. Бұл іске әр түрлі нәсіл, этникалық топ және мәдениет өкілдерінің оқушылары мен студенттері тиімді пайдаланылды. Тіпті 2000 жылдардың басында мектептегі мұғалімдердің көпмәдениетті білім беруге дайындықтарының

жеткіліксіздігі анықталды да билік көзі тиімді көпмәдениетті оқу мен оқытуды бастау керек деген шешімге келді. Көптеген қиындықтар африкалық американдық және ақ оқытушылар өкілдерді оқыта бастаған кезде пайда болды. Көпмәдениетті білім беру саясаты англо-саксондық мәдениетті негіз етуге тоқталды және балаларға арналған оқу стилін өзгерту, басқа мәдениет өкілдеріне көп көңіл бөлу қажеттілігін қолдады [8].

Канада. 1971 жылдан бастап Канада өзін көпмәдениетті қоғам ретінде жариялады және оны мақтан етеді. Сол кезден бастап Канада көпэтникалық құрамды тұрғындарының талаптарына көпмәдениеттілік философиясы мен саясатына сүйене отырып жауап беріп келеді. 1971 жылы Канаданың либералды премьер министрі Пьер Трюдо (Pierre Trudeau) қос тілділік аясындағы көпмәдениеттілік саясатын болашақ Канада саясатының басты бағыты деп жариялады. Көпмәдениеттілік принциптерін нақты саяси бағдарламалар мен іс-шараларға айналдыру үшін барлық саяси деңгейлерде көптеген жаңа лауазымдар, билік органдары және кеңес беру органдары құрылды. Брайан Мулронидің консервативті басқаруы тұсында көпмәдениеттілік 1985 жылы Канада Конституциясында негізгі заң ретінде бекітілді және 1988 жылы «Көпмәдениеттілік туралы заңда» ресми түрде нақтыланды. Бұл Канада үкіметін көпмәдениеттілікті Канаданың болашағы үшін «баға жетпес ресурс» және бәрінің «мәдени мұраларын сақтау, насихаттау және бөлісу» бостандығы деп тануға міндеттейді.

«Жұмыспен қамтудың тең мүмкіндіктері туралы» заңында (Employment Equity Act, 1986) «көзге түсетін аз ұлт өкілдері» мен «алғашқы ұлттарды» мақсатты түрде алға жылжыту көзделеді. Саяси қызметтің негізгі бағыттары өзгермелі проблемаларға бейімделді: егер жетпісінші жылдары бұл ең алдымен еуропалық аз ұлт өкілдерінің әртүрлі мәдени дәстүрлерін ("celebrating differences") ілгерілету болса, 80-ші жылдардан бастап жаңадан көшіп келген «көзге түсетін аз ұлт өкілдерінің» проблемалары - нәсілшілдікке жол бермеу (анти-рассизм) және тең мүмкіндіктер орталық назарда болды. Фольклорлық көпмәдениеттілік азаматтық-құқықтық көпмәдениеттілікке айналды [9].

Германия. XX ғ. 60-70 жылдары әлемнің әртүрлі елдерінде құндылықтар мен әр түрлі халықтардың бейбіт әрі қатар өмір сүруі мен тығыз өзара іс-қимылы мемлекеттік тұрақтылықты нығайту факторы екендігі түсінікті болды. Мәдени әртүрліліктің пайдалылығы осы елдерде тұратын этникалық топтар, сондай-ақ сепаратизм мен ұлтшылдықты жеңуге алып келді. Германия да АҚШ, Канада сияқты аз ұлттардың аккумуляциясы, олардың басым тілдік және мәдени ортаға өнімді интеграциясы проблемасына тап болады [7]. 2010 ж. Германия үкіметі көпмәдениетті саясатта жеңілгенін мойындады. Германия иммигранттар үшін ең "қонақжай" ел болып саналды, бүгінде әр түрлі елдерден 16 миллионға жуық мигрант бар [6]. Неміс ғалымдарының пікірінше, көпмәдениеттің мазмұны бірге өмір сүру және үйрену, әлеуметтік, рухани және интеллектуалды даму тұрғысында Германиядағы білім алып жатқан студенттердің білім, білік және дағды алуына бағытталған. Германияда көп мәдениетті білім беру оқу-тәрбие процесі шеңберінде де, оқудан тыс іс-әрекетте де көп мәдениетті білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған медициналық және ұйымдастырушылық формалардың кең спектрі аясында жүзеге асырылады. Германиядағы көпмәдениетті білім беру В.Никенің ұстанымына сүйенеді [10].

Австрия. Австрия федералдық мемлекет, көп ұлттың басын біріктіріп, көптілділікті қолдап келе жатқан ел. Австриялық білім беру жүйесі алуан түрлі және әртүрлі мектеп түрлерін қамтиды. 6 мен 15 жас аралығындағы оқушылар үшін 9 жылдық жалпы білім міндетті болып саналады [11]. Ертеректе Австрияның шекарасы бүгінгіден басқаша болған. Бүгінгі Австрияда осыдан шамамен 100 жыл бұрын көптеген халықтар қоныстанып, әртүрлі тілде сөйлеген. Солардың венгр, чех, словак, хорват және словен тілдері сынды кейбірін күні бүгінге дейін ара-кідік естуге болады. 1960-1970-жылдары Австрияда жұмыс күші тапшы болып, өзге елдерден, әсіресе Түркия, Югославиядан адамдар жұмысқа алынды. Уақыт өте келе олар осы елде тұрақтанып қалып, отбасыларын көшіріп алып жатты. Бүгінде әлемнің көптеген елдерінен әртүрлі себептермен мигранттар Австрияға ағылуда және олар өз тілдерін алып келуде. 2011 жылғы статистикалық мағлұматтарға сүйенсек, ең үлкен этникалық топ австриялықтар – халықтың 89 % құрайды, ал елдегі шетелдіктердің үлесі – 11%. Австрия Республикасының мемлекеттік тілі – неміс тілі [12].

Ресей. Ресейде 1980 жылдары «көпмәдениетті» атты терминді «көпмәдениетті әлемдегі білім» мағынасында ең алғаш рет академик В.П. Борисенков қолданған [10]. Ресейде көпмәдениетті білім беру мәселесі ХХ ғасырдың 90-жылдарында ерекше өзекті болды. Себебі Ресей тарихи түрде дамыды және көпұлтты мемлекет ретінде өмір сүруді жалғастыруда. Бұл әрқашан мәдениет пен білімнің дамуына өз ізін қалдырды. Ресей көп мәдениетті қоғам бола отырып, мәдениеттер мен халықтарды олардың мақсатымен біріктіруге және одан әрі жақындасу және рухани байытуға бағытталған жаңа дүниетанымға мұқтаж. Сондықтан Ресей білім беру практикасында мамандардың көпмәдениетті тұлғасын қалыптастыру қажеттілігі туындады, тиісінше, болашақ мамандарды көпмәдениетті ортада өмір сүруге даярлау мәселесі өте маңызды өзекті және басым ережелердің біріне баланды [7]. Қазіргі уақытта Ресейдегі көпмәдениетті білім беруді дамытудың маңыздылығы федералды нормативтік-құқықтық актілерде: Ресейдегі көп мәдениетті білім беру тұжырымдамасының жобасы, Ресей Федерациясының ұлттық білім беру саясатының тұжырымдамасы, федералды білім беру стандарттары [10] сынды құжаттарда мақұлданған.

Қазақстан. Қазақстанда этномәдени, оның ішінде көпмәдениетті білім беру үлкен тәрбиелік әлеуетке ие. Көпмәдениетті білім беруді дамытудың маңызды факторы мемлекеттілікті сақтау мен дамуға деген жастардың зейінін арттыру болып табылады. Қазіргі таңда көпэтностық Қазақстан үшін жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін сіңіруі маңызды. Мектеп жағдайында көпмәдениет түрлеріне қатысты әр түрлі білім беру технологиялары қарастырылады. Мұғалімдер дидактикалық тұрғыдан қамтамасыз етіледі. Оқушылар пәнаралық және оқу міндеттерін шеше отырып, осы білімді меңгереді. Көпмәдениетті технологияларды жүзеге асыру барысында санадағы мәдени пайымды қайта құру арқылы оқушының үлкен мәдениет кеңістігін игеруі, оның шекарасын анықтауы және оны біртіндеп микрокультура ретінде қабылдауына әкеледі. Мұны жүзеге асырудың жетекші тетіктерінің бірі - диалог болып табылады. Сонда ғана ол мәдени-тарихи білім беру кеңістігі арқылы тұрақтылықты, «қарым-қатынас-әрекет» принципін негіздей алады [13].

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы 1 наурызындағы ресми мәлімет бойынша Қазақстанда 18 917,2 халық [14], оның ішінде 130-дан

астам өзге ұлт өкілдері өмір сүруде. Уикипедияның 2020 жылдың 24-ші ақпанында жаңартылған «Қазақстан халықтарының ұлттық және діни құрамы» атты парақшасында «Мемлекетіміздің негізін қалаушы этнос - қазақтар. Екінші орында орыстар. Халқы 100 мыңнан асатын 6 этнос бар. Осы 8 ұлт бірігіп Қазақстан халқының 96%-ын құрайды» [15] делінген. Жоғарыда келтірілген ресми мәліметтерге сүйене отырып, елімізде көпмәдениетті білім беру қажеттілігі зор екенін бағамдауға болады. Жалпы көпмәдениетті білім беру процесі әлем халықтарының бірқатарында оқу процесіне еніп өзінің жемісін көрсетіп отыр. Оны 1-ші кестедегі V/S талдамасы арқылы көруге болады.

Кесте 1

Әлемдік және Қазақстандағы көпмәдениетті білім беру жүйесіне
V/S талдама

Критерий Лер	Әлемдік көпмәдениетті білім беру	Қазақстандағы көпмәдениетті білім беру
Пайда болуы	1980 ж. басындағы жетекші педагогикалық энциклопедия, 1982 ж. "білім беру саласындағы зерттеулер энциклопедиясының" 5 - ші басылымы, 1985 ж. білім берудің халықаралық энциклопедиясы, 1980 ж. ортасында кәсіби ұйым - Ұлттық көпмәдениетті білім беру қауымдастығының құрылуы. Көпмәдениеттілік философиясын ұстанып 1971 ж. бастап енген Канадада, жұмысшы тап қажеттілігін мойындаған Австрия мен Германияда, XX ғасырдың 90-шы жылдарыРесейде ерекше назарға ие болды.	15/07/1996 ж. ҚР этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы, 11/07/1997 ж. ҚР тіл туралы Заңы , ҚР 2025 ж. дейінгі Стратегиялық даму жоспары; Н.Ә. Назарбаевтың 14/12/2012ж. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы; 12/04/2017 ж. "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласы; 2/09/2019 ж. Қ.К. Тоқаевтың "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.
Таралуы	Көпмәдениетті білім беру идеялары Америкада 1960 ж. ортасында п.б., ол «көп ұлтты білім беру» деп аталды және Еуропаға кейінірек бүкіл әлемге тарайды.	Білім беру салаларында элективті пән ретінде ішінара кездеседі. Қазақстан халық ассамблеясының іс-шараларында көрніс табады.
Қажеттілігі	Әлем халықтарының ассимиляциясы құрамы аз ұлттарды өздеріне біріктіріп жіберу қауіпін сейілдіріп, аккультурация процесінің орын алуы.	Көпмәдениетті ортаның пайда болып ұлтаралық араздықты төмендетуге, бала кезден мәдени релятивизмнің қалыптасуы үшін қажет.
Пайдалылығы	Жастарды бейбітшілік пен рухта тәрбиелейді, барлық халықтарды құрметтеу, жас ұрпақтың әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру ұлттардың,	Көпмәдениетті білім беру толеранттылық, яғни еш ерекшелігіне қарамастан кез-келген ұлт өкіліне адамзаттың өкілі ретінде қарау, достық қарым-қатынасты күшейту, ұлтараздық кикілжіңдерді азайту, өз және

	діндердің, әлеуметтік топтардың, басқа халықтардың мәдениеттерінің өзіндік ерекшелігін түсіну және бағалауды міндет етеді.	өзгенің діліне құрметпен қарау, ұлттың жеке территориясына кірмеу, яғни өзіне тән салт-дәстүр, көзқарастарын талқыламауға үйрете алады.
Ерекшеліктері	Мемлекеттегі аз ұлттардың мүдделерін қорғау, барлық қатынастардағы дискриминацияны жоюға, билингвалды жүйеге негізделген.	Жалпы білім беру жүйесіндегі мемлекеттік тіл – «қазақ тілі», ұлтаралық қатынас тілі – «орыс тілі» және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі – «ағылшын тілін» меңгеруге негізделген.
Тәрбиелілігі	Көпмәдениетті тәрбие халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюіне, этникалық және нәсілдік азшылықтардың көп этникалық құрамы бар қауымдастықтардағы құқықтары үшін күресінің күшеюін реттей алады. Сонымен бірге көпмәдениеттілік ұстаным әлеуметтік үстемдік, ұлттық сәйкестендіру және өзіне деген сенімділікті ұялатады.	Көпмәдениетті тәрбие азаматтық, патриоттық, құқықтық, гумандық бағыттарды біріктіре отырып, қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқының туған жерін, тілін, тарихын, дінін, ділін, әдет-ғұрпын құрметтеуге және сақтауға шақырады, сәйкесінше, олардың да мәдениетін қабылдап, ұлтаралық алағөздік пен араздықты болдырмауға, әлеуметтік және діни толеранттылықты қалыптастыра алады.
Нәтижесі	Әлеуметтік және дамыту жобалары арқылы адамдар арасындағы мәдени алшақтықты азайтуға негізделген ICDO (Вена), ЮНЕСКО қолдауын дағы IFCD және Көне Король университеті (Кингстон, Канада) базасында жүргізілген 21 елдегі мультимәдениеттілік саясатының эволюциясын талдау бойынша ауқымды ғылыми-зерттеу жобасы т.б.	Қазақстандағы барлық этностардың мүдделерін топтастырып, азаматтарды ұлтына бөлмей, құқықтары мен бостандықтарының мінсіз сақталуын қамтамасыз ететін 1/03/1995 ж. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы және оның қызметі. Әр облыстағы ассамблея филиалдарының қызмет етуі мен білім саласындағы көпмәдениетті білім беру бағдарламаларының пайда болуы
Анализ		
<p>Қазір әлемдік тенденцияда адам дамуының индексі жоғары елдердің иммиграциялық өсімі байқалған. Зерттеушілер тарапынан осы елдерде көпмәдениеттілікті қолдау, әртүрлі нәсілдік және этникалық топтардың бір-біріне жақсы ықпал етіп, бір-бірімен тығыз байланыста екендігі сондай-ақ, мәдени ықпалдың түрі мен деңгейіне негізделген әр түрлі елдердегі адамдарға деген достық ниеттің орташа айырмашылықтар бар екені анықталған. Бүкіл әлемдегі топтар арасындағы қатынастарды түсіну үшін көпмәдениеттіліктің болашақ бағыттары мен салдары үнемі талқылануы тиіс. Әлем халықтарының әртүрлі болуы адамзаттың әлсіздігі емес, керісінше қоғамды барлық жағынан мықты ететін басты қаруы. Әр адам әлемдегі әртүрлілікті сақтау үшін әр мәдениетті, көзқарасты, тілді, дінді және жеке тұлғаны құрайтын барлық тетіктерді қастерлеуге және құрметтеуге бар күшін салуы керек. Мұны қазақтың «кемедегінің жаны бір» деген мақалымен қорытындылауға болады.</p>		

Ғылыми нәтижелерді талқылау. Жоғарыда келтірілген көпмәдениеттілік ұғымы мен көпмәдениетті білім беру жүйесіне жасалған халықаралық шолу және әлемдік және қазақстандағы көпмәдениетті білім

беру жүйесіне жасалған V/S талдамасына сүйене отырып, аталмыш көзқарастардың барлығы этикалық бағытта екендігін аңғаруға болады. Ұлттық, нәсілдік және этникалық мәдениеттер тек толеранттылық принципі арқылы ғана біріге алады. Демек, көпмәдениетті білім беру арқылы толеранттылық шекарасын бекітуге болады. Осы тұста жас ғалым С.С.Аубакированың «Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері: кросс-мәдени зерттеулер» атты PhD докторлық диссертациясы негізінде жасалған сауалнама нәтижесі назар аударуға тұрарлық. Сауалнамаға 10-нан астам ұлт өкілдерінен құралған 1000 респондент қатысқан. Өзге ұлт өкілімен бір топта оқуға, жатақханада бірге тұруға, тұрмысқа шығуға қалай қарайсың деген сұрақтарға респонденттердің басым көпшілігі позитивті жауап қайтарған. Басқа ұлт өкілімен доспын деген 77%, елімізде немесе белгілі бір қалада өзге ұлт өкілдерімен бірге тұруға 88%, респонденттер қарсылық білдірмеген. Ең бастысы респонденттер толеранттылық, яғни, әртүрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген төзімділік және достық қарым-қатынас құруын бала кезден қалыптастырған жөн екендігін алға тартқан [16]. Докторант өз зерттеуінде ұлттық бөлініс, бірін-бірі қабылдамау, құрметтемеу сынды бірқатар көпмәдениеттілік мәселелерінің шешілмегендігін алға тартады. Толеранттылықты тәрбиелеу мемлекеттік және қоғамдық институттардың ортақ ісі, басты идеологиялық бағыт. Тарих табыстырған 130-дай ұлттың ортақ мүддесі болуы үшін орта білім беру саласына көпмәдениетті білім беру бағдарламасын оқыту қажеттілігі туындап отыр. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту» атты әдістемелік құралында «патриоттық және азаматтық санасы жоғары, адамгершілікті, толерантты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды меңгерген, салауатты өмір салтымен өмір сүретін, шығармашылық қабілетін жүзеге асыратын көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың нәтижелі жолының бірі – оқу процесіндегі тәрбие компонентінің әлеуетін арттыру болып табылады» [17] делінген.

Қорытынды. Әлемде тек бір ғана ұлттан құралған мемлекет жоқ, бірақ негізгі ұлт 90%-дан асатын бір ұлтты елдердің «ұлттық белгілері бойынша жіктеу» топтамасы бар. Онда Еуропада (Исландия, Ирландия, Норвегия, Швеция, Дания, Германия, Польша, Австрия, Болгария, Словения, Италия, Португалия), Азияда (Сауд Арабиясы, Жапония, Бангладеш, Корея, кейбір шағын елдер), Латын Америкасында (үндістер, мулаттар, местизалар бірыңғай ұлттардың бөлігі болып саналады), Африкада (Египет, Ливия, Сомали, Мадагаскар), бір ұлттың күрт басым болуымен, бірақ аз немесе аз маңызды азшылықтардың қатысуымен (Ұлыбритания, Франция, Испания, Финляндия, Румыния, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Австралия Одағы, Жаңа Зеландия және т.б.) [18] делінген. Бір планетаны мекендеген адамзаттың ассимиляциялануы экономикалық дағдарыстар, соғыстар, интернационалды некелер мен отбасылардың болуы, коллонизациялар т.б. себептерге байланысты орын алды. Қайткен күнде де әр ұлт өз бояуын сақтап қалуды мақсат тұта отырып, өзге ұлттармен бірлікте және татулықта өмір сүруді қалайды. Әлемнің көпмәдениеттілікті қолдауы, жастарды толеранттылыққа тәрбиелеудің мәні мен оның мазмұны да осында.

Толеранттылықты тәрбиелеу процесі оқу-тәрбие процесін сақтай отырып, көпмәдениетті түсіндіру және оның алуан қырлырына қатысты ой-пікірлер алмасу, сұхбаттасу негізінде жатыр. Қоғамда әр түрлі жағдайда, әр түрлі мерзімде және әр түрлі форматта қарым-қатынасқа түсетін ұлт өкілдері

мен олардың көзқарастары және түсінік-пайымы сәйкес келмеген жағдайда өзін-өзі бақылау, ұстамдылық, төзімділік, дәрменсіздік, менмендік, сабырлық, сыпайылық т.б. шыдамдылық механизмдері шекарасын белгілеп, сол аралықта өзін лайықты ұстау. Толеранттылық тәрбиелеу ұзақ процесс, себебі толеранттылық - жеке тұлғаның қасиеті.

Әдебиеттер тізімі

1. [Словарь иностранных слов русского языка](#)[Электронный ресурс]. – Режим доступа:https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/. Дата обращения 13.01.2021.
2. Нұрадин, Г.Б. Мәдениет философиясы [Мәтін]: оқу құралы / Г.Б. Нұрадин, - Астана, 2010. - 90 б.
3. Сейдімбек, А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау [Мәтін]: оқу құралы/ А. Сейдімбек. -А.: Санат, 1997. -464 б.
4. Longley, R. What Is Multiculturalism? Definition, Theories, and Examples. - Access mode:<https://www.thoughtco.com/what-is-multiculturalism-4689285>.Review date:13.01.2021.
5. Berger, T.R. Fragile Freedoms: Human Rights and Dissent in Canada.– Toronto, 1981. –180 p.
6. Макажанова, Ж.М. Поликультурность в современном образовании, или чем отличается поликультурность от мультикультурализма [Текст] / Ж.М. Макажанова // Научный электронный журнал«Непрерывное образование: XXI век»; [Выпуск № 3 \(23\)](#), 2018. - С. 5-6.
7. Новолодская, С.Л. История и современность поликультурного образования[Текст]: монография/ С.Л. Новолодская. –Чита: ЗИП СибУПК, 2015. – 122 с.
8. Корякина, А.А. Поликультурное образование (исторический аспект) [Текст] / А.А.Корякина // Интернет-журнал «Мир науки».– 2017. Том 5, №6. [?].
9. Geißler,R. Multikulturalismus in Kanada - Modell für Deutschland? - Access mode:<https://www.bpb.de/apuz/27564/multikulturalismus-in-kanada-modell-fuer-deutschland?p=all>.Review date 6.11.2020.
10. Кравцова, Т.В. Поликультурное образование в России и Германии: общее и особенное[Текст] / Т.В. Кравцова//[Universum: психология и образование. Архив выпусков журнала "Психология и образование". - 2019. - № 10 \(64\)](#). – С. 105-113.
11. OeAD 2019: Das österreichische Bildungssystem [Elektronische Ressource]. - Zugriffsmodus: <https://www.bildungssystem.at>. Datum der Behandlung: 15.03 2020.
12. B-VG §8, Abs. 1, BGBl. Nr. 1/1930 zuletzt geändert durch BGBl. I Nr. 81/2005. In Kraft seit 01.09.2005.
13. Даумова, Б.Б. Аспекты этнокультурного образования и поликультурного воспитания в условиях республики Казахстан[Текст] / Б.Б. Даумова // Вестник ЧГПУ.Серия педагогика и психология. - 2011. - № 3. –С. 52-61.
14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер [Электрондық ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <https://stat.gov.kz/>. Қаралған күні 15.01.2021.

15. Қазақстан халықтарының ұлттық және діни құрамы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: [https://kk.wikipedia.org/wiki. Қаралған күні: 15.01.2021.](https://kk.wikipedia.org/wiki.Қаралған_күні:15.01.2021)
16. Аубакирова, С.С. «Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері: кросс-мәдени зерттеулер».[Мәтін]:дис.6D020400 – Мәдениеттану. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / Аубакирова Салтанат Советовна. – Алматы, 2016. – 153 б.–Библиогр.: 153б.
17. Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту. [Мәтін]: әдістемелік құрал / – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 81 б.
18. Классификация стран по национальному признаку[Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.yaklass.ru/materiali?mode>. Дата обращения 23.01.2021.

Материал редакцияға 04.05.21 түсті.

Г.Б. Нурадин, Ж.К. Игисина

Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан

ПОЛИКУЛЬТУРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ПРИНЦИП ТОЛЕРАНТНОСТИ: КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЗОР

Аннотация. В статье отражен ряд результатов исследований, проводимых в рамках исследовательского проекта «Поликультурное образовательное пространство Республики Казахстан: история, теория, основы проектирования в рамках грантового финансирования по научным и (или) научно-техническим проектам на 2020-2022 годы. Авторами осуществлен обзор системы поликультурного образования в Казахстане, а также проведен сравнительный анализ с помощью метода V/S в США, Канаде, Германии, Австрии, России в сфере среднего образования. В настоящее время важное значение имеет укрепление принципа толерантности через формирование поликультурной среды в казахстанском обществе, особенно в системе среднего образования, поскольку ожидаемым результатом внедрения в учебный процесс поликультурных образовательных программ является формирование навыков толерантности учителя и ученика, реализующего процесс обучения и обучения в поликультурной среде.

Ключевые слова: поликультурное образование, поликультурные образовательные программы, поликультурная среда, принцип толерантности, навыки толерантности, метод V/S.

G. Nuradin, Zh. Iginova

M.H. Dulaty, Taraz regional university, Taraz, Kazakhstan

MULTICULTURAL EDUCATION AS THE PRINCIPLE OF TOLERANCE: KAZAKHSTAN'S REVIEW

Abstract. The article is part of the research project "Multicultural educational space of the Republic of Kazakhstan: history, theory, fundamentals of design" within the framework of grant funding of scientific projects for 2020-2022. In the article, the authors reviewed the system of multicultural education in such countries as the United States, Canada, Germany, Austria, and Russia in the field of secondary education, as well as a review of multicultural education programs in Kazakhstan based on a comparative analysis

using the V/S method. Currently, it is of the utmost importance to strengthen the principle of tolerance through the formation of a multicultural environment in Kazakhstan's society, especially in the secondary education system, since the expected result of the introduction of multicultural educational programs in the educational process is aimed at developing tolerance skills in teachers and students who implement the process of learning and learning in a multicultural environment.

Keywords: multicultural education, multicultural educational programs, the principle of tolerance, tolerance skills, V/S method.

References

1. Slovar' inostrannyhslovrusskogoyazyka [Dictionary of foreign words of the Russian language]:– Access mode: https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/. 13.01.2021.[in Russian].
2. Nuradin, G.B. Mádeniet filosofiasy. [Philosophy of culture]: training manual / Astana, 2010. - 90 p. [in Kazakh].
3. Seidimbek, A. Qazaq álemi. Etnomádeni paıymdaı. [Kazakh world. Ethno-cultural vision]: training manual. - A.: Sanat, 1997. - 464 p. [in Kazakh].
4. Longley R. What Is Multiculturalism? Definition, Theories, and Examples. - Access mode: <https://www.thoughtco.com/what-is-multiculturalism-4689285>. Review date: 13.01.2021.
5. Berger, T.R. Fragile Freedoms: Human Rights and Dissent in Canada. – Toronto, 1981. –180 p.
6. Makazhanova, ZH.M. Polikul'turnost' v sovremennom obrazovanii, ili chem otlichaetsya polikul'turnost' ot mul'tikul'turalizma. [Multiculturalism in modern education, or how multiculturalism differs from multiculturalism.] // Nauchnyj elektronnyj zhurnal «Nepryryvnoe obrazovanie: XXI vek»[Scientific electronic journal " Non-continuous education: XXI Century»]. IssueNo 3 (23), 2018. [in Russian].
7. Novolodskaya, S.L. Istoriya i sovremennost' polikul'turnogo obrazovaniya [History and modernity of multicultural education]: monografiya – Chita: ZIP SibUPK, 2015. – 122 p. [in Russian].
8. Koryakina, A.A. Polikul'turnoe obrazovanie (istoricheskij aspekt) [Multicultural education (historical aspect)] // Internet-zhurnal «Mir nauki» [Online magazine "World of Science»]. – 2017. Tom 5, No 6. [in Russian].
9. Geißler, R. Multikulturalismus in Kanada - Modell für Deutschland?- Access mode: <https://www.bpb.de/apuz/27564/multikulturalismus-in-kanada-modell-fuer-deutschland?p=all>. Review date 6.11.2020.
10. Kravcova, T.V. Polikul'turnoeobrazovanie v Rossii i Germanii: obshchee i osobennoe [Multicultural education in Russia and Germany: general and special] // Universum: psihologiya i obrazovanie. Arhivvypuskovzhurnala "Psihologiya i obrazovanie"[Universum: psychology and Education. Archive of issues of the journal "Psychology and Education"]. - 2019 № 10 (64). – 105-113 p. [in Russian].
11. OeAD 2019: Das österreichische Bildungssystem/ OeAD – Österreichischer Austauschdienst. 2019. “Das österreichische Bildungssystem”. <https://www.bildungssystem.at/> (15.03 2020).[auf Deutsch].
12. B-VG §8, Abs. 1, BGBl. Nr. 1/1930 zuletzt geändert durch BGBl. I Nr. 81/2005. In Kraft seit 01.09.2005.[auf Deutsch].
13. Daumova, B.B. Aspekty etnokul'turnogo obrazovaniya i polikul'turnogo vospitaniya v usloviyah respubliky Kazahstan[Aspects of ethno-cultural education and multicultural education in the Republic of Kazakhstan] // Vestnik CHGPU. Seriya pedagogika i psihologiya[Bulletin of ChSPU. Series Pedagogy and psychology]. № 3. 2011. –PP. 52-61 [in Russian].

14. Qazaqstan Respyblikasy Strategialyq josparlaý jáne reformalar agenttigi Ulttyq statisika búrosy. Negizgi áleymettik-ekonomikalyq kórsetkishter[National Bureau of statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reform. Main socio-economic indicators]. - Access mode: <https://stat.gov.kz/> 15.01.2021. [in Kazakh].
15. Qazaqstan halyqtarynyń ulttyq jáne dini quramy[National and religious composition of the peoples of Kazakhstan]. - Access mode: https://kk.wikipedia.org/wiki/Qaralǵan_kúni_15.01.2021. [in Kazakh].
16. Aýbakırova S.S.Qazaq qoǵamyndaǵy toleranttylyqtyń tarıhı-mádenı tıpteri: kross-mádenı zertteýler[Historical and cultural types of tolerance in Kazakh society: cross-cultural studies] // 6D020400 – Mádenıettanı. Filosofıa doktory (Phd) dárejesin alý úshin daıyndaǵan disertasiya[Cultural studies. Dissertation prepared for the degree of Doctor of philosophy (Phd)]. 2016. – 153 p. [in Kazakh].
17. Mekteptegi oqytý prosesiniń tárbıelik baǵyttylyǵyn damytý[Development of the educational orientation of the educational process in school]:methodical manual. – Astana: I. Altynsarin National Academy of Education, 2013. – 81 p. [in Kazakh].
18. Klassifikaciya stran po nacional'nomu priznaku [Classification of countries by nationality]. - Access mode: <https://www.yaklass.ru/materiali?mode>. Data prosmotra 23.01.2021.[in Russian].